

## "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 1316 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 766 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 766 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Компания) (келісім бойынша) заңды тұлғалардың:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кепілдігімен берілген орталықтандырылған (директивтік) кредиттер;

2) жергілікті атқарушы органдардың кепілдігімен берілген орталықтандырылған (директивтік) кредиттер;

3) меншікті айналым қаражатын толтыруға берілген кредиттер;

4) өзара борыштар бойынша ішкі республикаішілік есептеу жүргізудің нәтижелері бойынша берілген кредиттер берешектерін республикалық бюджетке өндіріп алу жөнінде құқықтар берсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Компаниямен келісім жасасу жолымен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кредиттер бойынша өндіріп алу жөніндегі құқықтарды беру жөніндегі шараларды қабылдасын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен.

3. Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері қабылдау-беру актісіне қол қоя отырып, құжаттаманы:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен таратылған қарыз алушылар бойынша;

2) Компанияға әрекет ететін қарыз алушылар бойынша берсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465  
Қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК